

2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 57-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 желтоқсанда № 4476 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020- 2022 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2, 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 24171869,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер 3763790 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 23280 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 15877 мың теңге;

трансферттер түсімі – 20368922,1 мың теңге;

2) шығындар – 27573568,1 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 361819 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 418195 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 56376 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3763518 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3763518 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 222684 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 56376 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 244470 мың теңге.

Ескерту. 1 – тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 13.04.2020 № 60-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 20.04.2020 № 61-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 57-3 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 23.07.2020 № 68-6 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 24.08.2020 № 70-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 21.10.2020 № 73-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 04.12.2020 № 75-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2020 жылы облыстық бюджет есебінен субвенция көлемі 12059563 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

3. 2020 жылға аудандық бюджеттен маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенция 452258 мың теңге сомасында белгіленсін, соның ішінде:

Ақсу ауылдық округі-21356 мың теңге;
Алға ауылдық округі-21443 мың теңге;
Ақтөбе ауылдық округі-16000 мың теңге;
Балуан Шолақ ауылдық округі-16009 мың теңге;
Бірлік ауылдық округі-22021 мың теңге;
Бірлікүстем ауылдық округі-19717 мың теңге;
Далақайнар ауылдық округі-17392 мың теңге;
Дулат ауылдық округі-18052 мың теңге;
Ескі- шу ауылдық округі-22310 мың теңге;
Жаңажол ауылдық округі-19151 мың теңге;
Жаңақоғам ауылдық округі-23351 мың теңге;
Көкқайнар ауылдық округі-16919 мың теңге;
Қорағаты ауылдық округі-24569 мың теңге;
Қонаев ауылы-27647 мың теңге;
Тасөткел ауылдық округі-19276 мың теңге;
Төле би ауылдық округі-58793 мың теңге;
Өндіріс ауылдық округі-18017 мың теңге;
Шоқпар ауылдық округі-21702 мың теңге;
Шу қаласы-48533 мың теңге.

4. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабына сәйкес, 2020-2022 жылдарға аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласының мамандарына қалалық жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлық ақылары мен тарифтік ставкаларының 25 пайыз мөлшерінде үстеме ақы төлеу үшін қаржы көзделсін.

5. Ауданның жергілікті атқарушы органның резерві 37 038 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 5 – тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 20.04.2020 № 61-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 23.07.2020 № 68-6 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі); 04.12.2020 № 75-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. 2020 жылға арналған жергілікті бюджетті орындалу барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2020 жылға қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округтің бағдарламалары бойынша берілетін трансферттердің бөлінуі Шу ауданы әкімінің қаулысы негізінде айқындалады.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, салық, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, табиғатты пайдалану, өнеркәсіп салаларын, құрылысты, көлікті, байланысты, энергетиканы жетілдіру, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті өркендету, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарттар жобаларына қарау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

9. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2020 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Шу ауданының мәслихатының

сессия төрағасы

Шу ауданының мәслихат

хатшысы

Ж. Абенов

Е. Умралиев

Шу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 57-3 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1– қосымша жаңа редакцияда- Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 04.12.2020 № 75-2 (01.01.2020 қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
		1. КІРІСТЕР		24171869,1
1		САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР		3763790
	01	Табыс салығы		396700
		1	Корпоративтік табыс салығы	51600
		2	Жеке табыс салығы	345100
	03	Әлеуметтік салық		285750
		1	Әлеуметтік салық	285750
	04	Меншікке салынатын салықтар		3006117
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3004117
		5	Бірыңғай жер салығы	2000

05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	57443
	2 Акциздер	11700
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	30914
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14146
	5 Ойын бизнесіне салық	683
07	Басқа да салықтар	1780
	1 Басқа да салықтар	1780
08	Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	16000
	1 Мемлекеттік баж	16000
2	САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	23280
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1284
	1 Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	117
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1036
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	79
	9 Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	52
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8506
	1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8506
06	Басқа да салықтық еместүсімдер	13490
	1 Басқа да салықтық еместүсімдер	13490
3	НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	15877
03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	15877
	1 Жерді сату	13011
	2 Материалдық емес активтерді сату	2866
4	ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	20368922,1
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	19,1
	3 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	19,1
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	20368903
	2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	20368903

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1			2	3
			2. ШЫҒЫНДАР	27573568,1

01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	943808
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	37841
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	37436
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	405
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	216037
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	194685
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21352
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	184315
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49813
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2609
	018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	961
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	130932
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	35956
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34706
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1250
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бөлімі	450523
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	47775
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	93219
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	309529
	494	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	19136
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19136
02		Қорғаныс	8623
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3220
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3220
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5403
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1980
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3423
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	125578
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	125578
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	125578

04		Білім беру	15435724
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	670688
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	670688
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	10713365
	003	Жалпыбілім беру	10090761
	006	Балаларға қосымша білім беру	622604
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	247119
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	247119
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1421985
	021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1421985
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2382567
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55383
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	209493
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	3500
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	35569
	023	Әдістемелік жұмыс	34311
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	30498
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	755954
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1257859
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2469939
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	581966
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	581966
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1701
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1701
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1766964
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	1358994
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	21200
	006	Тұрғынүйге көмек көрсету	3458
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	73549
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	5674

	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	112929
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	90148
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	101012
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	118352
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45088
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	4000
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	55590
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	809
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	12365
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	956
	094	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	956
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	2969066,1
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	289990
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	30000
	031	Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау	2500
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	257490
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	140065
	026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	140065
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	734633
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	20000
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	714633
479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	13251
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13251
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	915079
	011	Шағын қалаларды жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	73764
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	174071

	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	95822
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	571422
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	876048,1
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	83624,1
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	276520
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	515904
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	902410
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	569018
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	569018
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	13800
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	13800
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	25782
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14290
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4250
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4035
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3207
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	143877
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	143132
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	745
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	42782
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	42782
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	17588
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15086
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2502
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	89563
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29989
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	58570
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1004
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	137359
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	137359

	036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	137359
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	198720
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	24293
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24293
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	111994
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10394
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2572
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	3753
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	2200
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	93075
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	19632
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16379
	004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3253
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	42801
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	42801
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	166558
	466	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	166558
	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	53333
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	112240
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	985
12		Көлік және коммуникация	2770189
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2700189
	022	Көліктің инфрақұрылымын дамыту	221569
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	185299
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2293321
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	70000
	037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және аудан ішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	70000
13		Басқалар	682242
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	37038

	1012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	37038
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	23216
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	23216
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	100628
	055	Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	100628
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	521360
	079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	521360
14		Борышқа қызмет көрсету	92
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	92
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	92
15		Трансферттер	763260
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	763260
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	43365
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	267627
	054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	10
	038	Субвенциялар	452258
		3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	361819
		Бюджеттік кредиттер	418195
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	170509
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	48757
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	48757
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	90010
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	90010
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	31742
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	31742
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	247686

453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	247686
006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	247686

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Сыныбы	
Ішкі сыныбы			
1		2	3
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	56376
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	56376
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	56376

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			
1	2		3
		4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	0
13		Басқалар	0

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			
1	2		3
		5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-3763518
		6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	3763518

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
1		2	3
7		Қарыздар түсімі	3575424
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	3575424
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	3575424

Функционалдық топ	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
Бағдарлама	

Атауы			
1		2	3
16		Қарыздарды өтеу	56376
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	56376
		008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	56376
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	244470

Шу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 57-3 шешіміне 2 қосымша

2021 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы (мың теңге)
		Сыныбы		
		Ішкі сыныбы		
		Атауы		
1	2	3	4	5
		1. КІРІСТЕР		21617516
1		САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР		3285218
	01	Табыс салығы		256627
		2	Жеке табыс салығы	256627
	03	Әлеуметтік салық		246769
		1	Әлеуметтік салық	246769
	04	Меншікке салынатын салықтар		2698675
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2692775
		5	Бірыңғай жер салығы	5900
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		57847
		2	Акциздер	12000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	26000
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	16647
		5	Ойын бизнесіне салық	3200
	07	Басқа да салықтар		1800
		1	Басқа да салықтар	1800
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		23500
		1	Мемлекеттік баж	23500
2		САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР		24239
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		3719
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	185
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3387
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	95

	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	52
06		Өзге де салықтық емес түсімдер	20520
	1	Өзге де салықтық емес түсімдер	20520
3		НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	17032
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1213
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1213
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	15819
	1	Жерді сату	10612
	2	Материалдық емес активтерді сату	5207
4		ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	18291027
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18291027
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	18291027

Функционалдық топ			Сомасы,
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			м ы н
Бағдарлама			теңге
Атауы			
1	2		3
		2. ШЫҒЫНДАР	21617616
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	442775
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	35942
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	35942
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	149628
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	148965
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	663
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	117839
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35166
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	687
	018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	81626
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	25992
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25392
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	600
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бөлімі	98955

	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28955
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	40000
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	30000
493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	14419
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14419
02		Қорғаныс	6420
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2675
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2675
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3745
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	535
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3210
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10200
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10200
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	10200
04		Білім беру	16918134
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1119321
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1119321
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	12647725
	003	Жалпы білім беру	12063071
	006	Балаларға қосымша білім беру	584654
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	185246
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	185246
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1137500
	021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1137500
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1828342
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	67198
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	260900
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	3500
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	42841

	023	Әдістемелік жұмыс	27108
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	26166
